



Maghan juldzy

6+

Магхан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 22 (924) 4 маусым 2026 жыл

www.facebook.com/Maghan_zhuldizi <https://www.instagram.com/maghan.zhuldizi/> e-mail: maghan.zhuldizi@yandex.kz

«ӨРТ-2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

ӨРТ СӨНДІРУ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ІС-ҚИМЫЛДАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аталған іс-шара азаматтық қорғаудың аумақтық кіші жүйесінің басқару органдарының, күштері мен құралдарының табиғи өрттер туындаған кездегі іс-қимылдарға дайындығын арттыру мақсатында ұйымдас-тырылды.

Аңыз бойынша өрт Булаев қаласынан 15 км қашықтықтағы Чистовское ауылы маңында орын алды. Қауіп аймағына ауыл мен орман алқабы кірді. СҚО ТЖД бөлімшелері мен Ресей ТЖМ-нің Түмен, Қорған және Омбы облыстарының бас басқармалары, Қаракоға ауылындағы өрт сөндіру бекеті, жергілікті атқарушы органдар, полиция, азаматтық қорғау қызметтері, өрт сөндіру пойызы, «Булаев орман шаруашылығы» КММ және «Қазавиақұтқару» АҚ арасындағы өзара іс-қимыл алгоритмдері пысықталды.

Табиғи өрт ошақтарын оқшаулау және жою, елді мекендер мен жанар-жағармай объектілерін қорғау бойынша іс-шаралар жүргізілді. Сондай-ақ халық пен ауыл шаруашылығы жануарлары- ны эвакуациялау, электр энергиясын беру жүйелерін ажырату мәселелері пысықталды.

Жаттығу барысында авиацияны қолдану мәселесіне ерекше назар аударылды. Оқу-жаттығу барысында өрт ошағына суды төгу



«Өрт-2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы аясында еліміздің барлық өңірлерінде орман өрттерін жою жөніндегі іс-қимылдарды пысықтау бойынша командалық-штабтық жаттығулар, авариялық-құтқару қызметтері мен азаматтық қорғау құрылымдарының қатысуымен практикалық іс-шаралар өткізілді.

арқылы тікұшақтың қатысуымен Мұндай жұмыс тәсілі өрт шебіне салқындатуды және оттың тара- өрт сөндіру әдісі көрсетілді. үздіксіз әсер етуді, аумақты жедел луын тежеуді қамтамасыз етті.

Сонымен қатар елді мекендерді өрттің таралуынан қорғау, үздіксіз су жеткізуді ұйымдастыру, жерүсті және авиациялық күштердің өзара іс-қимылы, эвакуациялау және құлақтандыру іс-шаралары, жедел өзгеретін жағдайларда жедел штабтың жұмысы пысықталды.

Практикалық бөлім аяқталғаннан кейін жедел штабта Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі өкілдерінің жетекшілігімен, жергілікті атқарушы органдардың және көршілес ел өкілдерінің қатысуымен оқу-жаттығу қоры- тындысы шығарылды.

«Өрт-2026» республикалық командалық-штабтық оқу- жаттығуды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Кенесов материалдық-техникалық базаны, қызметті ұйымдастыру деңгейін және жеке құрам үшін жасалған жағдайларды жоғары бағалады.

Айтулы шараның соңында республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуды ұйым- дастырып өткізуге атсалысқан өртүрлі мекемелер мен ұйымдар- дың қызметкерлері ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Еркін ТӨЛЕЕН,
суреттерді түсірген автор.



С КӨКТЕМГІ-ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ - 2026

АУДАНДА ЕГІС НАУҚАНЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



Ауданның ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, ағымдағы жылы аудан бойынша барлық егіс алаңы 414,6 мың га құрайды. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар ауданы 310,7 мың га құрайды, оның ішінде қарақұмық - 1,2 мың га; майлы дақылдар - 62,5 мың га, жемшөп 40,6 мың га, картоп пен көкөністер тиісінше 0,7 мың га және 0,1 мың га. 2026 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын суару алаңы 24 га құрайды, оның ішінде тамшылатып суару - 24 га.

Ағымдағы күні ылғалдың жабылуы бірінші ізбен - 408,1 мың га, екінші ізбен - 291,3 мың га алқапта жүргізілді. Егіс алдындағы өңдеу 390,2 мың га алаңда жүргізілді, оның ішінде химиялық - 124,3 мың га. 241,3 мың га алаңда 23,6 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді.

Жаздық дақылдарды егу жалғасуда. Ағымдағы күнге 286,8 мың га дәнді және 67,7 мың га майлы дақылдар егілді.

Жоспарланған 38,8 мың тонна бойынша ағымдағы күнге ауыл шаруашылығы өндірушілері (АШТӨ) 34,2 мың тоннаға (88%) шарт жасасты, 30,5 мың тонна (79%) жөнелтілді. Шарттар жасасу процесі жалғасуда. Вегетациялық кезеңде және пар жырту кезінде енгізу үшін қосымша кемінде 5,0 мың тонна минералды тыңайтқыштар сатып алу жоспарлануда.

Бүгінгі таңда көктемгі егіс жұмыстарына аудан бойынша өртүрлі модификациядағы 1 020 трактор, 95 егіс кешені, 1 455 сепкіш, 234 жүк көлігі, 185 астық тиегіш, 80 тұқым ұлағыш, 6,5 мыңнан астам тырма, 269 қолсытқыш, 153 сыдыражыртықш, 151 соқа, 320 жалпақ кескіш жұмылдырылған.

Ағымдағы күнге жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеге 65 бірлік техника мен жабдық сатып алынды, оның ішінде 19 трактор, 3 комбайн, 2 егіс кешені.

Қазіргі кезде «Писаревское Агро» ЖШС, «Дос СК» ЖШС, «Дос Медвежка» ЖШС шаруашылықтары алғашқылардың бірі болып жаздық дақылдарды егу жұмыстарын аяқтады.

Бүгінгі таңда көктемгі дала жұмыстарын орындау көрсеткіші 86,7 пайызға жетіп, аудан диқандары көктемгі науқанды аяқтауға жақын қалды.

ТАҒЫМ

«ҚАЙҒЫ МЕН АЗАП ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ЕСТЕ ҚАЛАДЫ»



29 мамыр күні аудандық орталық кітапхана аудандық Мәдениет үйімен бірлесіп, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Қайғы мен азап ғасырлар бойы есте қалады» атты тағылымды іс-шара ұйымдастырды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны, қазақтың біртуар азаматы, атақты жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың ескерткіші алдында өткен бұл шараның мақсаты – тарихи жадыны сақтау, өткеннің қасіретті беттерін құрметпен қарауға тәрбиелеу және жазықсыз қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым ету.

«Ақ жаулық» және «Алтын күз» клубтарының мүшелері, кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжінің студенттері, аудан тұрғындары қатысқан іс-шарада арнайы шақырылған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының жауапты хатшысы Қайнолла Сматов, аудандық архив басшысы Төлеген Әбілмәжінов сөз сөйлеп, халқымыз үшін қасіретті кезеңді еске алды.

Бұл күні барша мағжандықтар ұлы ақын - Мағжан Жұмабаевтың мемориалдық бюстіне гүл шоқтарын қойып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын бір сәт үнсіздікпен еске алды.

Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің библиографы Марина Марий жиналған жұртшылыққа «Ақталған есімдер» атты кітап көрмесін ұсынып, мәмұнды кітаптармен таныстырды. Көрмеде іс-шараға қатысушылар назарына қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың тағдыры мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге арналған кітаптар, архивтік материалдар мен басылымдар ұсынылды.

Саяси қуғын-сүргін жылдары мыңдаған азаматтар жазықсыз қуғындалып, елдің дамуына үлес қосқан көптеген тұлғалар зардап шекті. 31 мамыр күні туған елі үшін жазықсыз атылған, айдалған және жапа шеккен ұлт зиялылары мен ашаршылыққа ұшыраған ата-бабаларды еске алу – өткенге тағзым жасап қана қоймай, тәуелсіздіктің қадірін түсінуге үндейтін маңызды күн.

Сандуғаш БЕКШЕВА,
аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры.

ИМАНДЫЛЫҚ

ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ КЕҢІНЕН АТАЛЫП ӨТТІ



27 мамыр – Құрбан айт мерекесінің алашқы күні «Береке» аудандық орталық мешітінде айт намазы оқылды. Намаздан соң жиналаан жамағатқа айт дастарханы жайылып, халық бір-бірін құттықтап, мәре-сәре болды.

Жиналған аудан тұрғындары алдында ардақты қариялар сөз сөйлеп, қасиетті

мерекенің маңыздылығына тоқталып, халықты бірлікке, бауырмалдыққа және ізгі амалдарды көбейтуге шақырды.

Сондай-ақ бұл күні мағжандықтар үшін қазақ күресі, садақ ату, қол күрес, гир тасын көтеру, тоғызқұмалақ бойынша спорттық ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздар құнды сыйлықтармен марапатталды.

Қасиетті Құрбан айт мейрамын жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысып қолдау білдірген барша жаны жомарт жандарға Алла екі дүниенің жақсылығын нәсіп етсін!

Мухаммад АБДУЛЛА,
«Береке» аудандық орталық мешітінің бас имамы.

СЕНБІЛІК

«ӨТКЕНГЕ ҚҰРМЕТ – ТІРІГЕ МІНДЕТ»

31 мамыр күні Булаев қаласының оңтүстік жағында орналасқан мұсылмандар зиратында сенбілік жұмыстары жүргізілді.

Зиратты күтіп ұстау – тек қана міндет емес, сауапты амал. Осы игілікті істі жас ұрпаққа өнегелі түрде жеткізу, дүниеде қадірлі болған мұсылманның қабірін аяқасты етпей, оған лайықты құрмет көрсету – сенбіліктің басты мақсаты болды. Іс-шара басталмас бұрын ақсақалдар Құран оқып, қабірде

жатқан барша марқұмдардың рухына дұға бағыштады. Бұл игі іске мешіт қызметкерлерімен қатар, қала тұрғындары мен ерікті жамағат белсенді түрде атсалысты. Нәтижесінде зират қақпасы түзеліп, қу ағаштар кесіліп, зираттың ішіне тазалық жұмыстары жүргізілді. 4 жүк

көлігімен қоқыс, қу ағаш басқа да қалдықтар полигонға шығарылды. Осы ретте айтарымыз, марқұмдардың мазарын көтеру кезінде қалған цемент, кірпіш, басқа да құрылыс заттарын зират ішінде қалдырмауға, керісінше, тазалық ұстау мақсатында өздеріңізбен бірге алып кетулеріңізді сұраймыз.
Еркін ТӨЛЕГЕН.



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ ҚҰРМЕТ – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Еліміздің халықаралық дипломатия, экономика, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы жоғары жетістіктері біздің мемлекеттік рәміздерімізбен тығыз байланысты. Біздің отандастарымыз ірі әлемдік біріншіліктерде марапаттарға ие болған сайын аспанға Мемлекеттік Ту көтеріліп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны шырқалады. Жеңістің бұл сәттері бүкіл әлемге мемлекетіміздің беделін көрсетеді, Қазақстанның халықаралық беделін нығайтады және әрбір қазақстандықтың жүрегінде патриотизм мен бірліктің қуатты толқынын оятады. Мұның жарқын дәлелі - биыл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын әлемдегі ең әдемі және эстетикалық тартымды деп танылуы болды.

2026 жылғы наурызда Reddit ірі халықаралық платформасындағы Flags of the World жаһандық онлайн-турнирінің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы пайдаланушылар арасында әлемдегі ең әдемі деп танылды. Шетелдік вексилолог-сарапшылардың жоғары бағасын біздің Туымыздың бірегей көрнекі сипаттамалары растайды: тамаша түс контрасты (аспан көк және алтын), лаконизм және терең символизм (күн, қалықтаған бүркіт және ұлттық ою-өрнек).

Біздің Мемлекеттік рәміздеріміздің халықаралық деңгейде танылуы мен жоғары мәртебесі оларды жергілікті деңгейде қолдану мәселелерінде мінсіз тәртіпті талап етеді. Осыған байланысты ауданда ұлттық атрибуттарды орналастыру, ауыстыру және қорғау жөніндегі барлық қызмет қолданыстағы заңнамаға сәйкес қатаң түрде құрылған. Осы бағыттағы жұмыс «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» ҚР Конституциялық заңымен, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидаларымен регламенттеледі.

2026 жылдың I қаңтарынан бастап мемлекеттік рәміздерді дайындаушыларға қойылатын жаңартылған біліктілік талаптары (отандық тауар өндірушілер тізілімін өзіндік көшірмелерінің болуы, ҚР СТ 988 және ҚР СТ 989 ұлттық стандарттарына міндетті сәйкестігі) күшіне енді, бұл жергілікті атқарушы органдар тарапынан сатып алуды бақылауды күшейтуді талап етеді.

2025 жыл ішінде Мағжан Жұмабаев ауданының уәкілетті органдары (ішкі



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері: Ту, Елтаңба және Әнұран - біздің тәуелсіздігіміздің қасиетті атрибуттары. сан асырлық тарихтың, егемендіктің және халықтың мәдени кедейлігінің бейнесі белгі табылады. Мағжан Жұмабаев ауданында мемлекеттік рәміздерге деген терең құрмет пен шынайы мақтаншы сезімнің тәрбиелеу идеясының жұмыстың басты бағыты болып табылады. Біздің Мемлекеттік рәміздер қаламы патристизм мен келісімнің іргелі құндылықтары төңірегінде біріктіреді, ал оларды жергілікті жерлерде мінсіз пайдалану және жастар арасында кеңінен насихаттау әрбір азамат пен мемлекеттің қызметінің қасиетті парызы болып табылады.

саясат бөлімі, білім беру, мәдениет, спорт бөлімдері, ауылдық округтердің әкімдіктері) мемлекеттік атрибуттарды дөріштеу бойынша жүйелі шаралар кешенін іске асырды. Өткен жылы Жұмыс Нәжімеденовтің 90 жылдығына, Қазақстан Республикасы Әнұранының авторлары Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына орай кең ауқымды іс-шаралар өтті.

Ауданның білім беру мекемелерінде 2025 жылы Әнұранды орындаудың және мектептің Ту көтеру топтарының жұмыс істеуінің апта сайынғы рәсімін 100% енгізу қамтамасыз етілді. Аудандық мемлекеттік рәміздер білгірлерінің конкурстары және

тақырыптық ашық сабақтар өткізілді. Мемлекеттік мерекелерді мерекелеуге арналған барлық салтанатты іс-шаралар, сондай-ақ спорттық іс-шаралар мемлекеттік рәміздерді қолданумен қатар жүреді. Жергілікті баспасөзде және ауданның ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік рәміздерді пайдалану ережелерін насихаттауға бағытталған бірқатар түсіндірме материалдар жарияланды.

Ауданның мемлекеттік мекемелерінің мониторингін шеңберінде тұрақты негізде мынадай критерийлер бойынша инспекциялар жүргізіледі: аудан объектілерінде эстетикалық келбетін

жағалтқан элементтерді (өңсіз панельдер, деформацияланған елтаңбалар) уақтылы ауыстыру жүзеге асырылады; бір деңгейлі орналасу мен белгіліктің (Ту, Елтаңба, Әнұран) сақталуы, сондай-ақ ауданның әкімшілік ғимараттарының кіреберіс топтарының үстінде қараңғы уақытта міндетті түрде жасанды жарықтандырудың болуымен қамтамасыз етілуі тиіс. Мемлекеттік рәміздердің, сондай-ақ сыртқы көрнекі ақпарат объектілерінің жай-күйін тексеру және мониторингілеу жөніндегі жұмыс тұрақты тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік рәміздерге қойылатын негізгі талаптар «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар», ҚР СТ 988-2007 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар» ұлттық стандарттарында айқындалған.

Біздің республикамыздың әрбір азаматы мемлекеттік рәміздерді қалай көретінін білуі тиіс, ал мемлекеттік органдар ұлттық стандарттардың талаптарын және мемлекеттік рәміздерді қолдану мен орналастыру жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті. Ұлттық стандарттар талаптары, сондай-ақ Мемлекеттік рәміздерді қолдану мен орналастыру қағидаларын бұзу «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында көзделген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Сондықтан Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу - әр адамның азаматтық борышы.

Қай халық үшін де Мемлекеттік рәміздер - ең басты құндылық саналады. Өйткені, атынан көрініп тұрғандай, ол - мемлекеттің пен тәуелсіздігінің символы. Еліміздің Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы және Әнұраны — мемлекеттілік символы болумен қатар, халқымыздың өткен тарихын, ата-бабаларымыздың арман-мақсатын, аманатын бойына жияып, соның бәрін бүгінгі және болашақ ұрпаққа табыстап, паш етіп тұрған айрықша қастерлі құндылық.

Еңлеше, Тәуелсіз Қазақстанның елдігін, бірлігі мен тұтастығын айқындайтын, әрбір күнінен ажырамай ғұмыр кешетін нысандарға құрмет көрсетіп, шамасы жеткенше әлемге таныту әрбір қазақстандықтың міндеті.

Сәуле ПУРКАЙДАРОВА,
аудандық ішкі саясат бөлімі
басшысының м.а.

«ИННОВАЦИЯЛАР, СЕНІМДІЛІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ: АККРЕДИТТЕУДІҢ КҮШІ»

2026 жылдың 9 маусымында Дүниежүзілік Аккредиттеу күні атап өтіледі. Жыл сайын бұл күні әртүрлі ұрандармен өтеді. Бүгінгі Жылдың ұраны – «Инновациялар, сенімділік және тұрақтылық: аккредиттеудің күші».



Аккредиттеу бұрыннан тек сәйкестікті бағалаудың техникалық құралы ғана емес, сонымен бірге халықаралық сауданың, инвестициялық тартымдылықтың және мемлекеттің экономикалық тұрақтылығының маңызды элементіне айналды. Әрбір сертификаттың, сынақ хаттамасының және стандарттың артында адамдардың қауіпсіздігі, өмір сүру сапасы және тұтынушылардың сатып алынатын өнімге деген сенімділігі тұр. Үздік халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, біз қарапайым бақылаудан тәуекелдерді басқаруға және цифрлық қадағалануға көшу арқылы жаңа

модельге дәйекті түрде өтіп жатырмыз. Ағымдағы жылы Қазақстан ЕАЭО мемлекеттерінің аккредиттеу жөніндегі органдары басшыларының кеңесіне төрағалық етеді және бірінші цифрлық сенім кеңістігін қалыптастыру жөніндегі бастамаларды ілгерілетуде.

Жабдықтарды цифрлық интеграциялайтын зертханалар — Smart Labs-ты дамытуға ерекше назар аударылуда. Қазіргі заманғы технологиялар сынақ нәтижелерін автоматты түрде беруге, оператордың қатысуынсыз параметрлерді тіркеуге, барлық өрекеттердің цифрлық ізін сақтауға және адам фактордың әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан аккредиттеудің ұлттық жүйесін дамыту, процестерді цифрландыру және халықаралық сенімді нығайту бойынша өзінің алдына өршіл міндеттер қойып қана қоймай, оларды ең күзінде жүйелі түрде жүзеге асыруда. Тек ашық өзара іс-қимыл мен сәйкестікті бағалаудың бірінші тәсілдері арқылы ғана ЕАЭО-ның тұрақты және бәсекеге қабілетті ортақ нарығын қалыптастыруға болады.

Аккредиттеу — бұл сапа инфрақұрылымының құрамда бөліктерінің бірі. «Аккредиттеу» сөзінің өзі латынның

«ассердо» терминінен шыққан, ол «сену» дегенді білдіреді. Аккредиттеу — сенімділіктің кепілі, оны жүргізу коммерциялық мүдделермен немесе бәсекелестік пайымдаулармен байланысты болмауы керек. Оны тұтынушылардың өнімдер, процестер мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасы мәселелеріндегі мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қоғам үшін техникалық қызмет ретінде қарастыруға жөн.

Аккредиттеу туралы куәлікті алудан қорықпай сенім артуға болатын тек сенімді ұйымдар ғана ала алады.

Аккредиттеу — бұл аккредиттеу жөніндегі органның өтініш берушінің сәйкестікті бағалаудың белгілі бір саласында жұмыстарды орындауға құзыреттілігін ресми тану рәсімі. Көз келген мемлекеттің дамуы басқа мемлекеттермен сауда-экономикалық байланысысыз мүмкін емес. Сондықтан қазақстандық сертификаттарды шетелде тану процесін қалыптастыру бүгінгі таңда маңызды және өзекті тақырып: бір рет сыналды — барлық жерде қабылданды.

Қазақстан Республикасында «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының

Заңы қолданылады. Өнімнің ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалаумен сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынақ зертханалары айналысады. Ал мұндай органдар мен зертханалардың құзыреттілігін, өз кезегінде, аккредиттеу жөніндегі орган айғақтайды. Қазақстанда бұл функцияны «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ШЖҚ-дағы РМК жүзеге асырады.

2026 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі 73 орган, 1 125 сынақ зертханасы, 337 тексеру зертханасы, 75 калибрлеу зертханасы және 79 медициналық зертхана аккредиттелген.

Солтүстік Қазақстан облысында, өз кезегінде, сәйкестікті растау жөніндегі 1 орган, 31 сынақ зертханасы, 10 тексеру зертханасы, 1 калибрлеу зертханасы және 1 инспекциялық орган аккредиттеуден өткен.

Екатерина ПАРШИНА,
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша Департаментінің бас маманы - мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі СҚО мемлекеттік инспекторы.

ДҮЙСЕКЕ – ДАРЫНДАР ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ҚАСИЕТТІ МЕКЕН

Дүйсеке ауылының тарихы ғасырлар қойнауына кетеді. Бұл өңір ежелден қазақ халқының ата қонысы болып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан дәстүр мен рухани құндылықтардың алтын бесігіне айналды. Ауыл тұрғындары қиын кезеңдерде де елдік пен бірлікті сақтап, туған жердің есіп-өркендеуіне еңбек сіңірді.

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ даласын шарпыған тарихи оқиғалар Дүйсеке ауылын да айналдырған өткен жоқ. Ұжымдастыру, ашаршылық жылдары ауыл халқы үшін ауыр сынақ болды. Соған қарамастан халық төзімділік танытып, елдігін жоғалтпай, ұрпағын аман сақтап қалды.

1941–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ауылдың ондаған азаматы майданға аттанып, Отан қорғау жолында жаңжырылған ерлік көрсетті. Олардың көпшілігі туған жерге оралмай, ұрыс даласында қаза тапты немесе хабаршарсыз кетті.

Бүгінде ауыл орталығындағы ескерткіште майданнан оралмаған боздақтардың есімдері қашалып жазылған. Олардың қатарында Айтқожин Өрдіш, Алимжанов Кәрім, Кәрібай Арапов, Ахметжанов Бекеш, Ахметжанов Танатбай, Байтасов Зағырал, Бейсенбаев Бірман, Бекжанов Қошман, Билялов Биыл, Дүйсенбаев Белеген, Дүйсенбаев Төлепберген, Жаңатілеуов Аққозы, Ильясов Қазы, Исин Қабиполла, Қамали Әсербайұлы, Қалиев Жұмабай, Қалиев Мәкеш, Қалиев Сәрсенбай, Қалиев Серғазы, Қаримов Зейнолла, Қартаев Мұталап, Кікумов Ашақыман, Құдайбергенов Болат, Құдайбергенов Зекір, Қалиев Ысқақ, Қырғыз Төлеген, Мусин Төлеген, Мұқашев Қабдырахман, Нұғманов Нұрға, Нұршыев Күжикен, Оспанов Есенбай, Пшенбаев Кенжебай, Сармуханов Баймұқан, Сауытбеков Асаубай, Сәрсекеев Нұртаза, Сәрсекеев Тұрмағанбет, Сәрсенбаев Сәкен, Сүлейменов Әубәкір, Темірбеков Төлепберген, Темірбеков Құсайын, Хасенов Ігілік, Шаримов Ғалымжан, Шарипов Зейнолла, Шарипов Қалтай, Шахметов Ғалымжан және Шахманов Қамали жерлестеріміз еск.

Сондай-ақ ескерткіште Ақбаров Нұрақай, Аңдамасов Жаңыбай, Асқаров Мұхамед-Хәфиз, Ахметов Смағұл, Баймуратов Сейіп, Баймуратов Сейітжан, Байтасов Сапар, Бейсекеев Мырзабек, Бейсекеев Салар, Бейсенбаев Шөлшайы, Бекжанов Айтжан, Бұхаров Әміре, Бұхаров Төлеубай, Жаңатілеуов Барлыбай, Жиенбаев Көпей, Қоламанов Оспан, Жаңбыршин Сейіп, Ильясов Әлмұхамед, Ильясов Нұрмұхамед, Исин Мұхамеджан, Қапенов Ержан, Кәрімов Қабдолла, Қалиев Ысқақ, Майбасов Мұқыш,

Туған жер – әрбір адам үшін қасиетті ұғым. Оның әр төбесі мен жотасы, әр бұлағы мен қонысы өткен күндердің үнсіз куәсіндей болып көрінеді. Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Дүйсеке ауылы – тарихы бай, тағылымы мол, елге танымал азаматтарды тәрбиелеп шығарған қасиетті мекендердің бірі.



Малғаждаров Зияда, Махметов Шернияз-ден, Мекенбаев Малғаждар, Мекенбаев Шөлшайы, Мешков Николай, Мұқышұлы Қаскен, Мусин Шәкбай, Мұстафин Сүлеймен, Оспанов Бәкен, Оспанов Қамыш, Пшенбаев Жамали, Пшенбаев Нұршәріп, Пшенбаев Сәкен, Рамазанов Нығметжан, Сәдуақасов Дәндібай, Сағдиев Баттал, Сүлейменов Әубәкір, Сүлейменов Мубарак, Тінеев Ахметжан, Тінеев Мұхамеджан, Түлеев Қали, Тұрғынов Сұраған, Утин Жұмабек, Шахметов Сейітжан, Шаймерденов Кәрім, Шәрішев Уәли және Ысқақов Қажымұрат майдангерлердің есімдері жазылған.

Бұл есімдердің әрқайсысының артында бір әулеттің тағдыры, бір анының көз жасы, бір отбасының үміті жатыр. Олар бүгінгі бейбіт өмір үшін өз ғұмырларын құрбан етті. Сондықтан олардың есімдері ауыл тарихының алтын парақтарында мәңгі сақталады.

Майдандағы ерлікпен қатар ауыл еңбеккерлерінің тылдағы қажырлы еңбегін де ерекше атап өткен жөн. Әйелдер, қарттар мен жасөспірімдер күн-түн демей еңбек етіп, майдандағы азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етті. Олардың жанқиярлық еңбегі де Жеңістің маңызды бөлігі болды. Дүйсеке топырағы қазақ әдебиетінің

көрнекті өкілі, ақын, драматург, режиссер Ерік Мұхамедхәфизұлы Асқаровты дүниеге әкелді. Ол 1959 жылы 10 ақпанда осы ауылда туған. Ерік Асқаров қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалдырған дарынды ақындардың бірі болды. Оның «Қарлығаш», «Жетген», «Аққудың көгілдірі» атты жыр жинақтары оқырман қауымының жоғары бағасына ие болды.

Ақын шығармашылығымен қатар драматургия және аударма саласында да жемісті еңбек етті. Оның «Біржан сал», «Петропаул – қызылдардың қаласы» пьесалары ұлттық драматургия қорын толықтырды. Сонымен қатар ол саха жазушысы И.Гоголеваның «Наара Суох» және грузин драматургы Л.Табукашвилидің «Арманының ақ құсы» шығармаларын қазақ тіліне аударды. Республикалық және халықаралық айттырстан жұлдары атынып, ұлттық өнердің дамуына зор үлес қосты. Ерік Асқаровтың есімі бүгінде қазақ руханиятының тарихында құрметпен аталады.

Дүйсеке ауылының тағы бір мақтанышы – Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы Оразгелді Баймуратов. Ол 1935 жылы дүниеге келіп, бүкіл ғұмырын экономикалық

ғылымның дамуына арнады. Ғалым Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, нарықтық қатынастардың қалыптасуы, өндіріс күштердің орналасуы және қаржы жүйесінің тиімділігі мәселелерін зерттеп, отандық ғылымның дамуына үлкен үлес қосты.

Оразгелді Баймуратов ғылыми қызметпен қатар мемлекеттік басқару саласында да жемісті еңбек етті. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, тәуелсіз Қазақстанның экономикалық негіздерін қалыптастыруға атсалысты. Ғалымның еңбегі жоғары бағаланып, ол Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

Ауылдан шыққан тағы бір танымал азамат – құрылыс саласының білікті маманы Серік Шеленұлы Нарынбаев. Ол инженер-құрылысшы ретінде елдерісте де, жоғары білім беру саласында да қызмет атқарып, құрылыс индустриясының дамуына өз үлесін қосты. Жас мамандарды тәрбиелеу ісінде де белсенді еңбек етті.

Дүйсеке өңірінен шыққан белгілі тұлғалардың бірі – ғалым, қоғам қайраткері Мекеш Жұмабекұлы Утин. Ол Мәскеу мемлекеттік университетінде білім алып, Қазақстан құрылыс саласының жетекші мамандарының қатарына көтерілді. Халықаралық Ақпарат-тандыру академиясының академигі, Қазақстан Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі ретінде ғылым мен өндірісті ұштастыра білді.

Мекеш Жұмабекұлы құрылыс индустриясында жауапты қызметтер атқарып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласты. Оның бастамасымен көптеген қайырымдылық жобалары жүзеге асырылды. Сонымен бірге жерлесі Ерік Асқаров атындағы сыйлықтың ұйымдастырылуына үйітқы болып, қазақтың айтыс өнеріне қолдау көрсетті. Еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» атағына ие болды.

Дүйсеке ауылының тарихы тек белгілі тұлғалармен ғана емес, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангерлердің ерлігімен де қымбат. Ауылдан ондаған азамат майданға аттанып, олардың көпшілігі туған жерге оралмады. Бүгінде олардың есімдері ескерткіш тақталарда жазылып, кейінгі ұрпаққа ерліктің үлгісі болып отыр.

Тарихы терең, тағылымы мол Дүйсеке ауылы – еңбекқорлықтың, білімге ұмтылыстың және ұлттық рухтың алтын бесігі.

Осындай қасиетті топырақтан шыққан тұлғалардың өнегелі өмірі жастарға әрқашан үлгі болып қала береді. Туған жердің даңқын асырған азаматтарды ұлықтау – өткенге құрмет, келешекке аманат.

ҚАРА БАТЫРДАН ТАРАҒАН НАҒАШЫЛАРЫМЫЗНЫҢ ТАРИХЫ – ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ БІР БӨЛШЕГІ

Қазақ халқының тарихы тек хандар мен батырлардың, билер мен ақынның өмірінен ғана тұрмайды. Әрбір әулеттің, әрбір ауылдың, әрбір руың шежіресі де ұлт тарихының ажырамас бір бөлігі болып саналады. Өйткені халықтың басынан өткен тарихи оқиғалар әр шаңырақтың тағдырынан көрініс табады. Менің нағашыларымның шежіресі де сондай тағылымды тарихқа толы.

Нағашыларымның ата қонысы – бұрынғы Полудин болысына қарасты Құдықтомар өңірі. Бұл жер қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Дүйсеке ауылының маңында орналасқан. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы өңірді мекендеп, оның есіп-өркендеуіне үлес қосқан.

Нағашыларым Шоға Уақ руының Қара атасынан тарайды. Қара батырдың есімі ел жадында сақталған тарихи тұлғалардың бірі. Ол қазақ халқы үшін аса ауыр кезең болған жоңғар шапқыншылығы дәуірінде өмір сүрген. Ел аузындағы деректер бойынша Қара батыр 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды», Алқажөл сулама» заманында туған жерді қорғау жолында ерлікпен қаза тапқан.

Бұл қазақ халқының тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі еді. Жоңғарлардың жойқын шабуылы салдарынан мыңдаған отбасы туған жерінен босып, Сыр бойына, Самарқан мен Бұқараға қарай шегінуге мәжбүр болды. Сол жылдары ел қорғаған батырлардың қатарында Қара батыр да болған.

Қара батырдан Әтек, Әлібай және Барақ атты үш ұл қалады. Батыр қаза тапқаннан кейін оның отбасы ауыр күндерді бастан кешеді. Жаңа шапқыншылық кезінде Әлібай мен Барақ жоғалып кетеді. Анасы оларды қанша іздегенімен таба алмайды. Кейінгі ұрпақ арасында сақталған аңыз бойынша оларды оңтүстікке қарай кетіп бара жатқан көруен тауып алып, өздерімен бірге алып кеткен екен.

Ал Қара батырдың үлкен ұлы Әтек анасымен бірге Сыр бойынан Арқаға көшіп келеді.



Сүлеймен Тінеев



Хамзе Сүлейменұлы



Жұмабай Сүлейменұлы

Бүгінгі біздің нағашыларымыз осы Әтектен тарайды.

Әтектен Үсен мен Алшағыр дүниеге келеді. Үсеннен Нұрбай, Аралбай және Шүрек тараған. Шүрек ел ішінде көріпкелдігімен, әулиелігімен аты шыққан адам болған. Оның болашақты болжауы қасиеті жөнінде ел арасында көптеген әңгімелер сақталған.

Шүректен Байбол, Ақболал және Қарауылша туған. Қарауылшадан Тіней мен Тілеулі тарайды.

Тіней Қарауылшаулы – нағашылар тарихындағы ерекше тұлғалардың бірі. Ол 1842 жылы дүниеге келген. Ел ішінде Тіней қажы деген атпен белгілі болған. 1905 жылы қасиетті Мекке мен Мәдинаға барып, қажылық парызын өтеген.

Сол заманда қажылыққа бару қазіргі уақыттағыдай оңай болмаған. Адамдар айлар бойы атпен, арбамен немесе пойызбен жүріп, кейін кемеге отырып қасиетті жерлерге жеткен. Сондықтан қажылыққа барған адамдар ел ішінде ерекше құрметке ие болған. Тіней қажы да сондай абыройлы тұлғалардың қатарында еді.

Ол 1924 жылы дүниеден өтіп, қазіргі Майбалық ауылы маңындағы Сартай-Құлат қорымға жерленген.

Тіней қажының ұлы Сүлеймен Тінейұлы 1865 жылы дүниеге келген. Өз заманының беделді азаматтарының бірі болған. Алайда

XX ғасырдың басындағы саяси өзгерістер оның әулетіне ауыр соққы болып тиді.

1928 жылдан бастап Кеңес үкіметі қазақ даласында байларды тәркілеу саясатын жүргізді. Мал-мүлкі бар, елге ықпалды адамдар «бай», «қанаушы тап» ретінде қудаланды. Осындай нәубет Сүлеймен әулетін де шарпыды. Отбасы туған жерден кетуге мәжбүр болып, Омбы өңіріне қоныс аударды.

Сүлейменнен Хамзе, Темірғали және Жұмабай атты үш ұл тарады.

Хамзе Сүлейменұлы 1890 жылы дүниеге келген. Ол өмір бойы еңбекпен күн көріп, ұрпағын өсіріп, әулеттің үлкен шаңырағын сақтап қалды.

Ал оның бауыры Темірғали Сүлейменұлының тағдыры өте ауыр болды. 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде ол «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, Омбы қаласында атылды.

Кеңес өкіметінің жазалау жүйесі көптеген жазықсыз адамдарды құрбан етті. Темірғали де сондай мыңдаған боздақтың бірі еді. Тек араға жиырма жылдан астам уақыт өткен соң ғана оның кінәсіз екені дәлелденіп, толық ақталды.

Бұл кезең қазақ халқы үшін аса ауыр сынақ болды. Қуғын-сүргін жылдары көптеген отбасылар әкелерінен, ағаларынан, аталарынан айырылды. Қазақ даласының қай өңірін

алсақ та, мұндай қайғылы тағдырларды кездестіруге болады.

Жұмабай Сүлейменұлы болса халық арасында беделді ішкі меретінде танылды. Ол ұзақ жылдар бойы Қасқат ауылында дини қызмет атқарып, ислам құндылықтарын насихаттады. Кеңес дәуірінде қиын кезеңдерінде де халықтың діни сенімін сақтауға күш салды.

Нағашыларымыз тарихы тек қуғын-сүргіннен ғана шектелмейді. Бұл әулет Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарын да бастан өткерді. Майданға аттанған азаматтар ел қорғауға қатысты. Ал ауылда қалған аналар мен балалар, қариялар еңбек майданында аянбай жұмыс істеді.

Соғыстан кейінгі жылдары да ұрпақтар білім алып, еңбек етіп, қоғамның әртүрлі салаларында қызмет атқарды. Олардың арасында ұстаздар, құрылысшылар, дін қайраткерлері, шаруашылық басшылары мен қоғам белсенділері болды.

Барлық Хамзеұлы, Бибіжамал Әбдірахманқызы секілді аға бие елдіктері ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, кейінгі ұынға ұлттық тәрбие мен имандылықтың үлгісін көрсетті.

Бүгінде Қара батырдың ұрпақтары Қазақстан мен Ресейдің ер өңірінде өмір сүріп жатыр. Олар ата-баба аманатына адал болып, ұлттың салт-дәстүрін, рухани мұрасын сақтап келеді.

Ата тарихын білу – әр адамның парызы. Өйткені шежіре тек атаулар тізбегі емес. Ол – ұлттың жадын сақтайтын рухани қазына. Қара батырдан басталған бұл шежіре қазақ халқының үш ғасырлық тарихымен сабақтасып жатыр.

Сондықтан нағашыларымыз тарихын зерттеу арқылы біз туған өлкеміздің тарихын, халқымыздың басынан өткен ауыр кезеңдерді және ата-бабаларымыздың өмір жолын тереңірек танымыз. Бұл – келешек ұрпаққа қалатын ең қымбат мұралардың бірі.

Самат ЖУМАТАЙҰЛЫ,
Ғылым докторы, Қазақстан және
Орталық Азия тарихын зерттеу
институтының бас директоры.

ҰРНАҒЫНА ҰЛАФАТ ҚАЛДЫРҒАН АНА

Қазақ халқы қашанда ананы отбасының ұйытқысы, берекенің бастауы, тәрбиенің алтын қазығы деп қадірлеген. Ғиттың рухани құндылықтары мен асыл қасиеттері ең алдымен ананың ақ сүті мен тәрбиесі арқылы ұрпақтың бойына дариды. Осындай өнегелі ғұмыр кешіп, артында өшпес із қалдырған аяулы аналардың бірі – Бәну Оразбайқызы Сексенкелі.



Алайда сол кездегі медициналық көмектің жеткіліксіздігі мен жұқпалы аурулардың кең таралуына байланысты балаларының біразы ерте шетінеп кеткен. Әсіресе қызылша ауруы сол жылдары көптеген отбасыларға ауыр қайғы әкелген еді. Бәну әжеңіз де бірнеше перзенті осы дерттен көз жұмып, ата-ананың қабырғасын қайыстырған ауыр қасіретке айналды. Соған қарамастан, ол өмірдің қиын сынақтарына мойымай, аман қалған балаларына бар мейірімін төгіп, оларды адалдық пен еңбекқорлыққа тәрбиеледі.

Бәну Оразбайқызы 1904 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Дүйсеке ауылында дүниеге келген. Ол қазақы салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтар берік сақталған, текті әулетте тәрбиеленіп өсті. Әжесі Оразбай Нұржұмаұлы Бабасан руынан тараған, ел ішінде абыройлы, сөзі өтімді, еңбекқор жан болған. Анасы Рақила Құсайынқызы Қылды Қарауыл руынан шыққан, ақыл-парасаты мол, мейірімді, тәрбиелі ана ретінде танылған.

Бәну әже дүниеге келген кезең қазақ халқы үшін күрделі тарихи дәуір еді. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты, кейінгі төңкеріс жылдары, азамат соғысы, ашаршылық пен ұжымдастыру кезеңі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ауыр салмақ түсірді. Осындай қиын замандарда өскен Бәну Оразбайқызы жастайынан еңбекке араласып, өмірдің ащы-тұщысын ерте татып өсті.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары елдегі азаматтардың басым бөлігі майданға аттанған кезде, тұлғасы ауыр еңбек әйелдер мен қарттардың иығына түсті. Солардың қатарында Бәну Оразбайқызы Сексенкелі де болды. Ол қиын-қыстау кезеңде туған елінің қамы үшін аянбай еңбек етіп, ауыл шаруашылығы жұмыстарында белсенділік танытты.

Соғыс жылдары Бәну әже трактор тізгінінде, егіс алқаптарында еңбек етті. Ер адамдардың орнын басып, танып атысынан күннің батысына дейін дала тесінде жұмыс істеді. Азық-түлік өндіруді арттыруға үлес қосып, майдан мен тыл арасындағы байланысты нығайтуға атсалысты. Сол кездегі ауыл әйелдерінің жанқиярлық еңбегі Жеңіске жетудің маңызды факторларының бірі болды.

Бәну Оразбайқызының тұлғасы қақырылы еңбегі оның қайсар мінезін, еңбекқорлығын және елге деген сүйіспеншілігін айқын көрсетті. Қиындыққа мойымай, ауыр техниканы меңгеріп, ел игілігі үшін еңбек етуі кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды.

Ол Уақ тайпасының Кіші Абыл руынан шыққан Әліш Сексенұлымен шаңырақ көтеріп, берекелі отбасының алтын дінгегіне айналды. Қазақ әйеліне тән сабырлық пен төзімділікті бойына сіңірген Бәну әже отбасының гана емес, бүкіл әулеттің қамқоршысы болды. Өмірдің сан түрлі қиындықтарына қарамастан, шаңырағының шырағын өшірмей, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді.

Бәну әже тоғыз құрсақ көтерген ардақты ана болды.

XX ғасырдың 20–30 жылдары қазақ халқы үшін ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Кеңес өкіметі жүргізген ұжымдастыру, төркілеу және байларды тап ретінде жою саясаты мыңдаған қазақ отбасыларының тағдырын өзгертті. Солардың қатарында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Дүйсеке ауылы мандыдағы Құдықтормар өңірін мекендеген Сүлейменовтар әулеті де болды.

Бұл әулет Шоға Уақ руының Қара ата-сынан тарайды. Қара батырдан басталған ұрпақ XVIII ғасырдан бері Құдықтормар өңірінде қоныстанып, елдің шаруашылығын дамытып, халық арасында беделге ие болды. Алайда кеңестік биліктің байларды төркілеу науқаны олардың тағдырына ауыр соққы болып тиді.

Мұрағат құжаттары Сүлеймен Тінейұлының ұлдары Жұмабай мен Хамзаның төркілеуге ұшырағанын анық көрсетеді.

1928 жылдан бастап Кеңес өкіметі қазақ даласындағы дәулетті шаруаларды «бай-кулак» деп жариялап, олардың мал-мүлкін төркілеуге кірісті. Бұл саясаттың негізгі мақсаты қазақ қоғамындағы дәстүрлі шаруашылық жүйесін жою болатын.

1931 жылғы 27 шілдеде Булаев аудандық атқару комитеті президиумының №29 хаттамасында Жұмабай Сүлейменовтің

СҮЛЕЙМЕНОВТАР ӘУЛЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ

шаруашылығын төркілеу туралы шешім қабылданды.

Мұрағат дерегінде: *«Ликвидировать хозяйство гр-на Сүлейменова Жумабая как кулацкого и выселять за пределы района»* деп көрсетілген.

Құжат бойынша Жұмабай Сүлейменов №8 ауылдың тұрғыны болған. Ол 1928 жылы сайлау құқығынан айырылған. 1919 жылы оның шаруашылығында 30 жылқы, 10 сиыр, 24 өгіз, 10 бас жас мал, 20 қой және 3 десятина егістік жер болған. Сонымен қатар бір тұрақты және екі маусымдық жалшы ұстағаны көрсетілген.

1927 жылғы мәліметте оның шаруашылығында 50 жылқы, 25 сиыр және 35 қой болғаны жазылған. Отбасында бес адам тұрған.

Кеңестік билік осыны негізге алып, оны «бай-кулак» санатына енгізіп, туған жерінен күштеп көшірді.

Сол күні қабылданған тағы бір шешім бойынша Жұмабайдың туған ағасы Хамзе Сүлейменовтің де шаруашылығы төркіленді.

Мұрағат құжатында: *«Ликвидировать хозяйство гр-на Сүлейменова Хамзу как кулацкого и выселять за пределы района»* - деп жазылған.

Хамзе Сүлейменовтің шаруашылығында 1918 жылы 40 жылқы, 10 сиыр, 5 өгіз, 10 бас жас мал және 10 десятина егістік болған. Кейінгі жылдары да оның шаруашылығы ірі болып есептелген.

Кеңес билігі құжаттарда оны: «Кулак, как сын конфискованного бая. Всегда занимается спекуляцией, эксплуатацией чужого труда» - деп сипаттаған.

Алайда мұндай айыптаулар сол кезеңдегі төркілеу саясатының қалыптасуы тәсілі еді. Қазақ ауылындағы дәулетті шаруалардың барлығы дерлік осындай айыптармен қуғындалды.

Қуғын-сүргін мұнымен тоқтаған жоқ. 1933 жылғы 7 мамырдағы Булаев аудандық атқару комитетінің тағы бір шешімінде Хамзе Сүлейменовты қайтадан «кулак» ретінде танылып, жер аударуға жіберілген.

Бұл тарихи құжаттар бір әулеттің гана емес, тұтас қазақ халқының басынан өткен қасіретті кезеңнің айғағы болып табылады.

Төркілеу нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталған мал-мүлік төркіленді, отбасылар туған жерінен айырылды, ата қоныстар бос қалды. Көптеген адамдар Қазақстаннан тыс жерлерге, соның ішінде Омбы өңіріне, Сібірге және басқа аймақтарға көшуге

мәжбүр болды.

Сүлейменовтар әулеті де осы зобалаңнан кейін ата қонысы Құдықтормардан айырылып, Омбы облысына қоныс аударды. Кейін олардың ұрпақтары Назыбай, Есілқел, Қасқат және басқа елді мекендерде өмір сүрді.

1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде әулеттің тағы бір өкілі – Темірғали Сүлейменовты тұтқындалып, Омбы қаласында ату жазасына кесілді. Кейін оның ешқандай қылмыс жасамағаны анықталып, толық ақталды.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан жағдайында осы тарихи әділетсіздіктерге жаңша баға беріліп келеді. Мұрағат қорларында сақталған құжаттар арқылы жазықсыз қуғындалған азаматтардың есімдері халқымен қайта қаушылау.

Дүйсеке өңірін мекендеген Хамзіндер, Сүлейменовтар, Тевеетер әулетінің тарихы – қазақ халқының XX ғасырдағы қасіретті тағдырының бір көрінісі. Бұл тарих ұрпақ жадында сақталып, өткеннен сабақ алуға қызмет етуі тиіс.

Өйткені тарихын ұмытпаған халықтың гана болашағы берік болады.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
жөншіары.

ЕЛ БАСҚАРҒАН ТҰЛҒА, ЗАМАН ЗАРДАБЫН ТАРТҚАН АЗАМАТ

«Өлкетанушы Тортай Садуақасовтың «Ел мен жер» атты кітабындағы мұрағат құжаттарына сүйенсек, Мұса Бейсенов өз дәуірінде ел ісіне араласқан беделді тұлғалардың қатарында болған. 1913 жылы Полудин болысындағы сайлауда болыс атқару комитетінің төрағалығына кандидат ретінде Тешүмқан Исамберлі ұсынылған кезде сайлаушылар қатарында Шоға-Уақтан Мұса Бейсенов, Асқар Сымалов, Алшын Түлкібайұлы, ал Атайғандан Нұрмағамбет Жұмабаев пен Бекмағамбет Жұмабаев болған.

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттар Мұса Бейсеновтің Келтесор болыстық атқару комитетінің төрағасы болғанын дәлелдейді. Құжаттардың бірінде:

«Председателю Кельтесорской волостной тов. Муса Бейсенову...» - деп көрсетілсе, тағы бір құжатта Келтесор болыстық атқару комитетінің құрамы былай берілген:

Төраға – Мұса Бейсенов;

Төраға орынбасары – Құлжабай Басиев;

Мүше – Исхак Ибраев. (СКОММ, 43-қор, 1-тізбе, 89-іс).

1922 жылғы тағы бір ресми құжатта Кел-

Ата қонысымыз – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Дүйсеке ауылы. Бұрынғы әкімшілік бөлініс бойынша бұл өңір №8 ауыл аталған. Осы өңірде өмір сүрген, ел басқару ісіне белсене араласқан азаматтардың бірі – Мұса Бейсенов.

тесор болысының атынан аштыққа байланысты жағдай жөнінде Ақмола губерниялық басқармасына жазылған хаттың соңына: *«Председатель М. Бейсенов»* - деп қол қойылған.

Бұл деректер Мұса Бейсеновтің өз заманында халық сеніміне ие болған, ел басқару ісінде жауапты қызмет атқарған азамат болғанын көрсетеді.

Мұса Бейсенов Ақылбек Ноғайбайұлымен және Молдабай Батырбекұлымен қатар Келтесор болысына қарасты ауылдарды басқарған беделді билердің бірі болған. Ел арасындағы туыстық пен құдалық қатынастарды сақтау мәселесінде де үлкен парасат көрсеткен.

Халық жадында сақталған өңгімелердің бірінде 1921 жылғы алапат құрғақшылық туралы айтылады. Сол жылы көлдер тартылып, мал су ішінде жер қалмады. Құрғақ қалған көлдің ортасындағы аз

ғана суға ұмтылған Мұса атаның бір үйір жылқысы батпаққа батып қырылады. Осы кезде Ноғайбай құдасы баласы Ақылбекке Мұсаға бір үйір жылқы беруді тапсырады. Бұл оқиға сол кездегі қазақ қоғамындағы бауырмалдық пен жомарттықтың жарқын үлгісі ретінде ел есінде қалған.

Алайда кеңестік ұжымдастыру саясаты Мұса Бейсенов әулетін ауыр тағдырға душар етті. 1931 жылы Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен Мұса Бейсенов «кулак» ретінде танылып, отбасы мүшелерімен бір аудандан тыс жерге жер аударылды. Барлық мүлкі төркіленді.

Мұрағаттағы құжатта: *«Бейсенов Муса, житель аула №8 тринан кулаком и вместе с семьей выселен за пределы района, имущество конфисковано»* - деп көрсетілген. (СКОММ, 2101-қор, 1-тізбе, 48-іс).

Оның туған інісі Қасен Тастамбеков те дәл осындай тағдыры бастан кешті.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ҚУАНЫШ ПЕН КҮЛКІ СЫЙЛАҒАН МЕРЕКЕ



1 маусым күні Булаев қаласындағы «Достық» саябағында Балаларды қорғау күніне арналған жарқын әрі ұмытылмас мерекелік іс-шара болып өтті.

Білім бөлімі, «AltynUrpaq» балалар шығармашылығы орталығымен, Булаев қаласының мектептері мен Медвежка орта мектебінің ұйымдастыруымен балаларға арналған мазмұнды әрі қызықты бағдарлама дайындалды. Мереке қонақтарын ертегі кейіпкерлері қарсы алып, көтеріңкі көңіл-күй мен ерекше атмосфера сыйлады. Іс-шара барысында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, жас өнерпаздар өз өнерлерін көрермендерге тарту етті.

Кііз үйде орналасқан IT-орталық балалардың ерекше қызығушылығын тудырды, мұнда балалар PlayStation ойыны, дрон басқаруды үйреніп, зама-

науи технологиялармен танысты. Ұлттық киіз үйде балалар бес асық, асық ату, садақ ату және тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындар бойынша бақтарын сынады.

Жас аруларға арналған сәнді дефиле ұйымдастырылып, қыздар өздерінің ең әдемі, жарқын және ерекше киім үлгілерін көпшілік назарына ұсынды. Ал 5–6 сынып оқушылары үшін спорттық рух пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған қызықты «Көңілді старттар» жарысы өткізілді.

Сонымен қатар, арқанды қалашық, су шайқастары және байланыс зообағы балалардың сүйікті алаңдарына

айналды. Мерекенің сәнін келтірген вокалды-аспаптық топтың өнер көрсетуі болды. Әрбір қатысушы өз сүйікті әнін орындауға мүмкіндік алды.

Мереке балаларға шаттыққа толы сәттер, жарқын әсерлер мен ұмытылмас естеліктер сыйлады. Булаев қаласындағы Балаларды қорғау күні көңілді, қызықты әрі шынайы мерекелік көңіл-күйді етті.

Ал мерекенің шарықтау шегі балалар мен ересектерге көтеріңкі көңіл-күй мен ұмытылмас әсер сыйлаған жарқын бояулар фестивалі болды.

Осы күнді балалар үшін ерекше еткен барлық ұйымдастырушыларға, ұстаздарға және еріктілерге алғысы-мызды білдіреміз!

Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі.



«ШЕКАРАСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ»

31 мамыр күні Балаларды қорғау күні қарсаңында Булаев қаласының «Достық» саябағында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Шекарасыз балалық шақ» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекенің ұйымдастыруға – «Добро в село» қайырымдылық қорының директоры Әсемгүл Елубайқызы Бекқожина, сондай-ақ балалар кітапханасы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және түзету кабинеті атсалысты.

Балалар үшін аниматорлардың қатысуымен қызықты конкурстар мен ойын-сауықтарды қамтыған бай бағдарлама дайындалды.

Балалар өздерінің таланты мен тапқырлығын, ептілігін көрсете отырып, байқаулар мен эстафеталарға үлкен қуанышпен қатысты. Іс-шара барысында балалардың сыңғырлаған күлкісі естіліп, достық, қуаныш пен мейірімділік атмосферасы орнады. Әр балаға тәтті тағамдар, естелік сыйлықтар, грамоталар мен гүлдер табыс етілді. Ұйымдастырушылар әр бала өзін ерекше әрі бақытты сезінуі үшін жайлы және достық жағдай жасауға ерекше көңіл бөлді. «Шекарасыз балалық шақ» мерекесі балалар мен олардың ата-аналарына



көптеген жағымды әсерлер мен жарқын эмоциялар сыйлады, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсетудің, қамқорлық пен назар аударудың маңыздылығын тағы бір мәрте еске салды. Ұйымдастырушылар іс-шараны өткізуге көмектескен жандардың

барлығына шын жүректен алғыс білдіреді! Балаларға және олардың ата-аналарына зор денсаулық, қуаныш, бақыт және ең асыл армандарының орындалуын тілейді!

Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

ПОЭЗИЯ

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ



Қазақтың ұлы ақыны Мағжан ата! Туыпты бұл ағлама Сарытомарда, Алаш үшін күрескен танымал тұлға, Аламыз Сізден үлгі әрқашанда.

Қалам алдым менде енді қолыма, Фажап ой келіп тұр мына менің ойыма Жазайым келеді сіз сияқты өлеңдер Күш қуат жинап өз бойыма.

Жас Мағжан темір төреә тап болады Мағжан ата Алаш үшін қиналады, Бар айыбы ұлтыменен халқын сүйді. Сол үшін де азаптанып, қиналды.

Жүректе оты жанаан ақын еді Абақтыға тап болып, зардап кешіп, Халқым деп жаның беруге дайын еді, Лапылдап от жүрегі жалындаған.

От болып мәңгі жанады, Өтседе қанша көп уақыт, Ұмытылмай ешкімге Қалады есінде халықтың!

ҚЫЗЫЛЖАР



Жырларың жүрек сырын тербеткен, Сөзіңнің отын жанаа өрлеткен. Бүгін, міне, сайысы Ұлы ақынның, Бағымды сынап келдім, шын айтайын.

Ал бастайын Қызылжар өлеңімді, Сен жайлы жаза берем өлеңдерді. Көмейімнен сарқыпаған өлең еді, Сен сияқты жер таппаймын киелі.

Құтты мекен өзіңнің шынымен, Өзіңде өскеніме шүкір етем. Бүгінгі күн Ұлы ақынға арналған, Сол ақынның жерлесімін, мақтанам

Қызылжар – киелі елді мекен, Туып-өстім өзіңде тап бесіктен. 90 жылдық орасан зор мерекені Құтты болсын, өркендей бер, жыр өлкем!

Туған жерім, сүйіп өтем өзіңді, Әлділеген, өлпештеген сөзіңді. Туған өлкем, туып-өстім өзіңде, Сендей пана табылмас мына өлкемде.

Қызылжарым, қанша сені сүйгенмен, Айтар сөзім жиналыпты көкейде. Көңілімде көптен жүрген сол ойды, Жеткізбекпін бүгін саған өлеңмен.

Ашынамын, ішімнен жеп өзімді, Неге қазақ сөйлемейді өз тілді? Қызылжарым, ауыстырсыншы атыңды, Петропавл деп тұр вой өзіңді.

Неге, не үшін деп ойланам, Туған жерім, өзіңді ойлап толғанам. Болса екен атың қазақша, Қазақ болып туған соң,

тілегім де сол гана. Бибіжан ДҮЙСЕБЕК. Құралай ауылы.



Дүйсенбі, 8 маусым	Сейсенбі, 9 маусым	Сәрсенбі, 10 маусым	Бейсенбі, 11 маусым	Жұма, 12 маусым	Сенбі, 13 маусым	Жексенбі, 14 маусым
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.10 Т/Х «КӨРШІННІҢ ҚЫЗЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.20 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 Д/Ф. 14.55 «АҚОРДА». 15.10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 02.50 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 03.40 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.10 ФУТБОЛ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 03.05 Т/Х «КӨРШІННІҢ ҚЫЗЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 Д/Ф. 14.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.25, 00.35 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КӨРШІННІҢ ҚЫЗЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 Д/Ф. 14.50 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 02.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 03.35 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.10 ФУТБОЛ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КӨРШІННІҢ ҚЫЗЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 ТАЗА САНА. 14.50, 04.15 PRIME ERA. 15.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.25, 02.25 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 03.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 ФУТБОЛ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КӨРШІННІҢ ҚЫЗЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 QAZAQ CREATIVE. 14.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.40, 23.10 ФУТБОЛ. 15.50 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 03.20 АШЫҚ АЛАҢ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 05.50, 13.50, 23.50 ФУТБОЛ. 08.00 «ШАБАНДОЗ», Д/Ф. 08.35 «ЖАЛЫҚ ӨНІ — ҚАЗЫНА». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 12.20 «СӨЛЕМ САҒАН, ТУҒАН ЕЛ». 14.00 «МАЛЕФИСЕНТА: ТҮНЕК ӨМІРШІСІ», Х/Ф. 16.05 М/Ф «МОАНА». 17.40, 02.15 ҚОС ПАЛАТА. 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 20.15, 02.35 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.30 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ». 22.10 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.15 Т/Х «КӨРШІННІҢ ҚЫЗЫ». 07.40 «СЫРДАРІЯ ДӘЛІЗІ, ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САУДА ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ІЗДЕРІ», Д/Ф. 08.05 «МАЛЕФИСЕНТА: ТҮНЕК ӨМІРШІСІ», Х/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ». 13.55, 00.50 ФУТБОЛ. 14.10 М/Ф «МОАНА». 15.45 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф. 20.00, 00.30 АҚПАРАТ. 20.40 «ӨМІРГЕ ҒАШЫҚПЫН». 22.50 «ГАУНАРТАС», Х/Ф.

Дүйсенбі, 8 маусым	Сейсенбі, 9 маусым	Сәрсенбі, 10 маусым	Бейсенбі, 11 маусым	Жұма, 12 маусым	Сенбі, 13 маусым	Жексенбі, 14 маусым
ХАБАР 05.00, 01.00 Т/Х «ВРЕМЕННО НЕДОСТУПЕН». 07.00 ОЯН! 09.00 КӨЗКАРАС. 09.30 ӘЛЕУМЕТ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00, 21.30 COVER SHOW. 14.00 М/Ф. 15.00 «ДОБРОЕ УТРО», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «МЕНІҢ ҮЙІМ ҚАЙДА?», Х/Ф. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «ВТОРЖЕНИЕ: БИТВА ЗА РАЙ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00, 00.40 Т/Х «ВРЕМЕННО НЕДОСТУПЕН». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.15 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 09.30 НАРОДНЫҢ КОНТРОЛЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 «ВТОРЖЕНИЕ: БИТВА ЗА РАЙ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ЛЮБОЙ ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШЕМІЗ», Х/Ф. 21.30 COVER SHOW. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «СЛИШКОМ КРУТА ДЛЯ ТЕБЯ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00, 00.45 Т/Х «ВРЕМЕННО НЕДОСТУПЕН». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.15 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 09.30 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.00 «СЛИШКОМ КРУТА ДЛЯ ТЕБЯ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ВОРИШКИ», Х/Ф. 21.30 COVER SHOW. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «ОТПЕТЬЕ МОШЕННИЦЫ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00, 00.45 Т/Х «ТАК НЕ БЫВАЕТ». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.15 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 09.30 НЕОСЕТЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.15 «ОТПЕТЬЕ МОШЕННИЦЫ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «БАЙДЫҢ ҚЫЗЫН АЛАМЫН», Х/Ф. 21.30 COVER SHOW. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «ПЛАН Б», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00, 01.00 Т/Х «ТАК НЕ БЫВАЕТ». 07.00 ОЯН! 09.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 09.15 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 09.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАIQ. 14.00 М/Ф. 15.15 «ПЛАН Б», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АЛШКИ ПО ВЫЗОВУ», Х/Ф. 21.30 «АБАШКИ ПО ВЫЗОВУ 2: НАЧАЛО», Х/Ф. 23.00 «ПРИБЫТИЕ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00, 00.00 Т/Х «ТАК НЕ БЫВАЕТ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 «БАЛАМ ҮШІН...». 10.00 М/Ф. 11.15 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 11.45 «ПРИБЫТИЕ», Х/Ф. 14.00 XXI ҒАСЫР КӨШБАСПЫСЫ. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 18.20 КОНЦЕРТ. 20.00 COVER SHOW. 22.00 «КОЛДУНЬЯ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00, 23.15 Т/Х «ТАК НЕ БЫВАЕТ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 АЗАМАТ. 10.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.00 «КОЛДУНЬЯ», Х/Ф. 14.00 М/Ф. 15.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 18.20 НАЙУТЫЛЫНЫҢ 75-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ДАРИГА - ДӨУШЕН» ЕСКЕ АЛУ КЕШІ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «БЕЛЫЕ ЦЫПОЧКИ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 8 маусым	Сейсенбі, 9 маусым	Сәрсенбі, 10 маусым	Бейсенбі, 11 маусым	Жұма, 12 маусым	Сенбі, 13 маусым	Жексенбі, 14 маусым
ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.45, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.35, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.35, 10.50, 14.25 НОВОСТИ. 08.50 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.05 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2». 13.15 АНАЛИТИКА. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ». 03.15 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ». 03.15 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ». 03.15 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 01.45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ». 03.15 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.25, 09.40, 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.45 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 09.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-2». 13.05 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.25 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14». 03.15 ҚАЙМАҚ.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 06.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 07.25 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 07.55 Х/Ф. 10.05 «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE». 17.45 «РОДНОЙ-2», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «СОНАТА ДЛЯ ГОРИЧНОЙ». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 П@УТИНА. 06.45 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.20 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 07.50 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-2», Х/Ф. 11.35, 15.10 «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 17.45 «СЕРДЦАТАЧ-НЕДОСТАТОЧ-НОСТЬ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АНЫҚТАЙМЫЗ. Р. ОТЕПБАЙМЕН». 21.50 «ЦВЕТ ЛИСТЬЕ», Х/Ф. 02.25 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».

- Көбі байлықты армандайды, бірақ ешкім ол жолда еңбек еткісі келетіндер санаулы.
- Бұл өмір қиындықтарға төтеп бере алмайтындар үшін арналмаған.
- Біз пендемсіз қате жібереміз және қанша тырыссақ та өткенді өзгерте алмаймыз.
Арсланбек АБДРАХМАНОВ.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА

АУДАННЫҢ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ - ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Жыл сайын 23 маусымда атап өтетін Мемлекеттік қызметші күніне орай өткізілетін мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық спартакиада өз мәресіне жетті. Жарысты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бірлесіп ұйымдастырды.



Мағжан Жұмабаев ауданының құрамасы тағы да өңірдегі үздік командалардың қатарынан көрініп, жалпыкомандалық есепте құрметті екінші орынға ие болды.

Өткен жыл аудан спортшылары үшін табысты болды. Сол кезде мағжандықтар спартакиаданың жеңімпазы атанып, жалпыкомандалық есепте бірінші орынды иеленген еді. Биыл көпбасшылықты сақтау оңай болған жоқ. Қарсыластар чемпион команданы басып озуда бар күшін салды. Соған қарамастан аудан намысын қорғаған мемлекеттік қызметшілер жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдық пен жеңіске деген жігерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Жарыстар спорттың алты түрі бойынша өтті. Біздің команда үшін ең сәтті нәтижелер шағын футбол мен волейболдан тіркеліп, аудан спортшылары күміс жүлдеге ие болды. Үстел теннисі мен гир спортынан қола жүлделер жеңіп алынды. Қазақ құрсынын аудан өкілдері 6 және 7 орындарды иеленсе, тоғызқұмалақтан сегізінші орынға тұрақтады.

Барлық спорт түрлері бойынша көрсетілген тұрақты нәтижелер Мағжан Жұмабаев ауданы құрамасының қажетті ұпай жинап, жалпыкомандалық есепте жүлделі орынға көтерілуіне мүмкіндік берді.

Облыстық спартакиададағы екінші орын – табандылықтың, жауапкершіліктің, тәртіптің және бірлікпен еңбек студия жемісі. Ауданның мемлекеттік қызметшілері кәсіби қызметте ғана емес, спорт алаңдарында да туған өлкеңің намысын абыроймен қорғай алатынын тағы бір мәрте көрсетті.

Мағжан Жұмабаев ауданының құрамасын лайықты жетістігімен құттықтаймыз! Спортшыларымызға зор денсаулық, жана жеңістер мен толағай табыстар тілейміз!

Мейрамгүл АХМЕТЖАНОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппаратының персоналды басқару бойынша құрылымдық бөлімшесінің басшысы.

«АҚ БИДАЙ - 2026» АУДАНЫҚ ЖАЗҒЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІ

ЖАЗҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК КӨПСАЙЫС БОЙЫНША ЖАРЫС



Спорттық жарыстарға Булаев қаласы мен ауылдық округтердің командалары қатысып, дене шынықтырудың жоғары деңгейін, спорттық шеберлігін және жеңіске деген ұмтылысын паш етті. Жарыс 4 сайыстан бойынша өткізілді: қысқа және ұзақ қашықтыққа жүгіру, пневматикалық мылтықтан ату және граната лақтыру.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды:

Жасөспірімдер 16–17 жас
1 орын - Хлоповский Д. (Булаев қ.)
2 орын - Андреевский В. (Ноғайбай би а/о)
3 орын - Иванов Н. (Қарақоға а/о)

Қыздар 16–17 жас
1 орын - Цой А. (Бөйтерек а/о)
2 орын - Шаипова Э. (Булаев қ.)
3 орын - Кочубеева К. (Возвышен а/о)

Жасөспірімдер 18–20 жас
1 орын - Никифоров А. (Ноғайбай би а/о)
2 орын - Демиденко В. (Булаев қ.)
3 орын - Карабанов И. (Қарақоға а/о)

31 мамыр күні Булаев қаласында «Жастар» стадионында «Ақ бидай – 2026» аудандық жазғы спорттық мерекесі аясында жазғы Президенттік көпсайыс бойынша жарыс өтті.

Қыздар 18–20 жас
1 орын - Рожнова А. (Бөйтерек а/о)
2 орын - Горжкова В. (Успенка а/о)
3 орын - Райхмен А. (Алтын дән а/о)

Ерлер 21–23 жас
1 орын - Пантюхов В. (Полудин а/о)
2 орын - Кенжебай М. (Лебяжье а/о)
3 орын - Брак Д. (Алтын дән а/о)

Әйелдер 21–23 жас
1 орын - Павленко Т. (Полудин а/о)
2 орын - Кабачек Р. (Алтын дән а/о)
3 орын - Дудина Виктория (Лебяжье а/о)

Ерлер 24–34 жас
1 орын - Маковецкий А. (Успенка а/о)
2 орын - Мәліков С. (Қарақоға а/о)
3 орын - Тілеуов Б. (Бөйтерек а/о)

Әйелдер 24–34 жас
1 орын - Фадеева В. (Булаев қ.)
2 орын - Рыжкова Ю. (Алтын дән а/о)
3 орын - Кине А. (Ұзынкөл а/о)

Ерлер 35–39 жас
1 орын - Яцкевич М. (Полудин а/о)

2 орын - Дабылбеков А. (Булаев қ.)
3 орын - Темірбеков Р. (Қарақоға а/о)

Ерлер 40–49 жас
1 орын - Сапчук С. (Алтын дән а/о)
2 орын - Крестинин Д. (Чистов с/о)
3 орын - Абдин С. (Ноғайбай би а/о)

Әйелдер 40–49 жас
1 орын - Мерц Т. (Чистов с/о)
2 орын - Байбекова М. (Чистов с/о)
3 орын - Бейсебаева С. (Успенка а/о)

Ерлер 50–59 жас
1 орын - Асқаров А. (Булаев қ.)
2 орын - Тұрғанбеков Г. (Возвышен а/о)
3 орын - Кравченко Е. (Молодоговардейское а/о)

Әйелдер 50–59 жас
1 орын - Крайсвитная О. (Возвышен а/о)
2 орын - Бербец Н. (Алтын дән а/о)
3 орын - Исмахамбетова Г. (Бөйтерек а/о)

Ерлер 60 жас және одан жоғары
1 орын - Подмогильный В. (Қарақоға а/о)

2 орын - Форш В. (Алтын дән а/о)
3 орын - Қалиев М. (Полудин а/о)

Әйелдер 60 жас және одан жоғары
1 орын - Скрипникова Н. (Возвышен а/о)

Жарыс қорытындысы бойынша командалық есепте Булаев қаласы 1-ші орынды жеңіп алды, Полудин а/о 2-ші орынды және Алтын дән а/о 3-ші орынды иеленді.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жүлделі орындарымен құттықтаймыз! Барлық қатысушыларға одан әрі спорттық табыстар, жана жетістіктер мен мықты денсаулық тілейміз.

Осы деңгейдегі айтулы спорттық іс-шаралар салауатты өмір салтын насихаттауға, бұқаралық спортты дамытуға және аудан тұрғындары арасындағы достық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

<p>Директор - бас редактор Нелм ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Астана-Вест» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баш көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan zhuldyzy» газеті редакцияда терісін беттеді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошуків кө-сі, 5 үй). Таралымы - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тиесірісі бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми баспадан болып табылады.</p>
--	---	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395 - Г күшінің алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ресмиыланбайды, қайтарылмайды. Газетгі жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.